

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**PROCEEDINGS
of the XIX International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**2024
Астана**

УДК 001

ББК 72

G99

«ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» студенттер мен жас ғалымдардың XIX Халықаралық ғылыми конференциясы = XIX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» = The XIX International Scientific Conference for students and young scholars «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024». – Астана: – 7478 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-7697-07-5

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001

ББК 72

G99

ISBN 978-601-7697-07-5

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2024**

4. Ницше Ф. Изречения и афоризмы Ф. Ницше. Злая мудрость // Пер. с нем.; Худ. обл. М.В. Драко. -Мн.: ООО "Попурри", - 1997. - 704 с.
5. Ницше Ф. Веселая наука. – Харьков: Фолио, 2010. – 558 с.
6. Лосев А.Ф. От Гомера до Прокла: краткая история античной эстетики. – М.: Азбука. - 2019. – С. 352.
7. Ницше Ф. Падение кумиров. - М.: Азбука. - 2015. – С. 224.

УДК 303.01

ЭДУАРДО ВИВЕЙРОС ДЕ КАСТРОНЫҢ АНТРОПОЛОГИЯСЫ: ПРЕСПЕКТИВИЗМ ЖӘНЕ «КАННИБАЛ» БЕЙНЕСІ

Андабаева Балнұр

andabaevabalnur@gmail.com

Л.Н. Гумилев ат. Еуразия ұлттық университеті «Мәдениеттану» білім
бағдарламасының магистранты, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Ұ. Сандыбаева

Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдарда қазіргі таңда антропологияны қайта қарау мәселелері мен деколониалдық стратегиялар өзекті сұраққа айналды. «Зерттелетін» халықтың антропологиясы туралы айтуға мүмкіндік беретін жаңа таным түрлері қалыптасып жатыр. Осы бағытта Дж.-М. Шеффер, Ф. Десколамен қатар Э.В. де Кастро да белсенді зерттеулер жүргізуде. Эдуардо Вивейрос де Кастро – әлеуметтік және мәдени антропология бойынша еңбектерімен танымал бразилиялық антрополог. Вивейрос де Кастроны әлем туралы көзқарасты өзгерткен Бруно Латур, Мэрилин Стразерн, Анна-Мари Мол, Джон Ло, Изабель Стенгерс, Донна Харауей сынды белгілі постструктуралистік авторлармен бір қатарға қоюға болады. Ол өз пәніне жаңа инновациялар енгізіп қана қоймай, әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдарға сәйкес келетін тұтас эпистемологиялық революция жасады [1]. Оның басты идеяларына перспективизм, «каннибал» бейнесі, мультинатурализмді жатқыза аламыз. Осы орайда автордың танымал еңбегі «Каннибалдық метафизикалар» кітабына талдау жүргізу арқылы де Кастроның ұсынып отырған «жаңа» антропологиясын түсіндіруге тырысатын боламыз.

Де Кастро ұсынатын жаңа антропология – «тұжырымдама антропологиясы». Оның мәні мынада: біз басқалардың (другие) (мәдениеттердің, халықтардың, ұжымдардың) ойына байсалдылықпен қарауымыз керек. Яғни, оларды бізге таныс әрі өзіміз қолданатын схемаларға орналастыруға, жіктеуге, бейнелеуге немесе болжауға және олардың «экологиясы» біздікімен келіспесе де, оны қайта құруға асықпау керек [2].

Антропологиялық зерттеулер адамның сана, ақыл, субъективтілік сияқты ерекше сипаттамалары бар болмыс ретіндегі дәстүрлі идеясынан алшақтау арқылы өзгереді. Ғалым бүгінгі таңда адамның анықтамасын ғана емес, оны зерттеуге деген көзқарасты да қайта қарау қажеттігін көтереді. Дж.-М. Шеффер өзінің «Адам ерекшелігінің соңы» еңбегінде енгізген «аджорнаменто» термині қазіргі философияда шешуші болып табылатын осы мәселенің мәнін көрсетеді [3]. Италиян тілінен аударғанда бұл «жаңару» деген мағына береді. Ол адам енді онтологиялық артықшылықтары бар бірегей құбылыс ретінде емес, басқа компоненттермен өзара әрекеттесетін жалпы тұтастықтың бөлігі ретінде қарастырылатынын көрсетеді.

Сол секілді де Кастро да антропологияның сипатын өзгертуді ұсына отырып, оны миноритарлы ғылымға айналдырады. Ол адамның антропологиялық зерттеулердегі рөлін түбегейлі қайта қарауды, оны орталықтан периферияға ауыстыруды және оны басқа онтологиялық азшылықтар арасында азшылық деп тануды ұсынады. Де Кастро үшін адам енді орталық емес. Ол өзінің көзқарасын Делездің «Анти-Эдипіне» ұқсас «Анти-Нарцисс» деп атайды. Нарцисс әлемді адам және «адам емес» деп бөлуге негізделген батыс еуропалық

метафизиканың отаршылдық көзқарасын білдіреді. Де Кастро үшін адам өмірінің мәні туралы сұрақтың өзінде жауап бар, өйткені ол адамнан айырмашылығы бар «адам емес» категориясының болуын болжайды. Сондықтан ғалым бұл Канттық тәсілден бас тартуды ұсынады [4]. Вивейрос де Кастро өз міндетін былай тұжырымдайды: «Батыс метафизикасы – расында да отаршылдықтың барлық түрлерінің бастауы. Сұрақ өзгергеннен кейін жауап та өзгереді: барлық үлкен бөлгіштерге қарсы миноритарлық антропология кішігірім көптіктің көбеюіне әкеледі – шамалы айырмашылықтардың нарциссизмінен үздіксіз вариациялардың антинарциссизміне өзгереді. Міндет контурларды өшіру емес, оларды бүктеу, тығыздау, кемпірқосақтың барлық түстерімен безендіру және олардың сынуына қол жеткізу» [5].

Де Кастроның айтуынша, «Анти-Нарцисс» «алғашқы менталитетке» немесе үндістердің «танымдық процестеріне» емес, керісінше осы ойдың объектілеріне және осы ұғымдар бейнелейтін мүмкін әлемдерге бағытталған [5]. Антропологтың мақсаты енді бұл ойды түсіндіріп қана қоймай, оны қолданып, нәтиже алу, әрі оның біздің ойымызға тигізетін әсерін анықтау. Антропологияда де Кастроның көзқарасы бойынша шаман тәжірибесіне ұқсастық бар, ол оны өз еңбектерінде жиі атап өтеді. Бақсы, оның түсіндіруінше, еркін, тәуелсіз, бұл оған әртүрлі көзқарастар арасында еркін қозғалуға және оларды бір-бірімен байланыстыруға мүмкіндік береді. Үндіс космологиясы әлемнің еуропалық бейнесіне күмән келтіреді, бос орынды тауып, бізді әдеттегі бағдарлардан айырады. Нәтижесінде, антропологтар бақсылар сияқты бірнеше әлем бойынша саяхаттарын оларды басып алуға ұмтылмай бастайды. Бұл процесс түсінудің жаңа көкжиектерін ашады және біртұтас тұжырымға ұмтылмай-ақ перспективалардың көптігі мен әртүрлілігін тануға мүмкіндік береді.

Антропологияны қайта қарау үшін де Кастро үндістердің өмірін бақылау негізінде өзара байланысты екі тұжырымдаманы әзірлейді: перспективизм және мультинатурализм. Мәдениеттердің әртүрлілігін мойындайтын мультикультурализм принципіне сүйенудің орнына, де Кастро рухтың бірлігі мен денелердің көптігін тануды ұсынады. Бұл табиғаттың бірегейлігі мен мәдениеттердің әртүрлілігін танудан барлық мәдениеттерде бар рухтың, болмыстың немесе сананың бірлігін тануға көшуді білдіреді. Де Кастро «Каннибалдық метафизикалар» кітабының алғашқы бөлімінде, антрополог өзі жиі келтіретін мысал – испандықтардың жергілікті тұрғындардың «жаны» бар-жоғын түсінуге тырысқан отарлау кезінде үлкен Антиль аралдарында болған жағдай. Сонда жергілікті тұрғындар испандықтардың денелері бар-жоғын білу мақсатында оларды суға лақтырып, өз тәжірибелерін жүргізді [5]. Бұл анекдот де Кастроның «басқалар» әлемді «батыс әлемінен» басқаша көреді деген тезисін айқындайды. Батыс үшін табиғат жайлы көзқарас ортақ болып, мәдениеттер мен дүниетанымдар әртүрлі болса, үндістер үшін мифтік мәдени кеңістік ортақ, ал табиғи көзқарастар әртүрлілікті тудырады. Де Кастро Оңтүстік Американың тумаларының метафизикасын бейнелеу барысында ол әлемнің адамдар, мифтер, жануарлардың әртүрлі көзқарастарынан қалыптасқан объектілерге толы екенін байқап, бұл тәсілді перспективизм деп атайды [3]. Перспективизм онтологиялық деңгейде әртүрлі көзқарастарды алу мүмкіндігі бар екенін білдіреді. Бұл принцип үндіс космологиясында айқын көрінеді, мұнда әлем толығымен жаны бар деп қабылданады және көзқарастардың көптігі олардың шындығының ішкі ерекшелігі болып табылады. Бұл тұжырымдама бойынша көзқарас тек адамға емес, бүкіл әлемге тиесілі. Әр түрлі көзқарастар бір-біріне аударылмайтын әртүрлі әлемдерді тудырады. «Шын мәнінде» деген ұғым болмайды. Бір жалпы мағынасы бар бір ақиқат немесе әмбебап тіл жоқ. Әртүрлі мағыналар арасында тек шиеленіс бар. Осыған сүйене отырып, де Кастро осы екі принципті де антропологияға қолдануды ұсынады, «сыни гегемония» секілді ортақ ұғымдардан бас тартып, «барлық онтологиялық сұрақтарға гносеологиялық жауаптар» іздеуді тоқтатады [4].

Антрополог үшін перспективизм – бұл әлем адамдар мен адам емес (құдайлар, өсімдіктер, жануарлар) денелердің бірнеше көзқарастарынан тұрады деген түсінік, себебі әртүрлі физиологиялық көріністерінің арқасында олар әрдайым өзекті әре белсенді бола алады [1]. Де Кастроның идеялары ол тек Делезға сілтемелермен шектелсе де, Ваттимо мен

Капутоның «әлсіз ойлау» тұжырымдамасымен, Рортидің шығармаларымен оңай үйлеседі. Тіпті де Кастро қолданған бейнелер де осы тәсілге тән. Ол Капутоның әртүрлі діни, философиялық және басқа көзқарастарды мойындауға шақыруы сияқты әртүрлі пікірлер мен идеяларға мүмкіндік беру үшін шекаралардың икемділігін жақтайды. «Анти-Нарцисс» әлемді анықтайтын түпнұсқа мен бірлік идеясынан бас тартудың тағы бір әдісін ұсынады. Бұл тұрғыда де Кастро әлемдердің көптігі теориясына жүгінеді. Алайда, оның антропологиядағы «әлсіз ойлау» нұсқасы неғұрлым радикалды, өйткені адам әлеміндегі әртүрлі көзқарастардың теңдігі адамнан тыс әлемге экстрополяцияланады [4].

Жергілікті тұрғындар арасындағы мультинатурализм зерттеулер мен онтологиядан ғана туындап қана қоймай, антропологияны ұйымдастырудың жаңа тәсілі ретінде қызмет етеді. Көптік тұжырымдамасы басқалармен өзара әрекеттесудің жаңа принциптерін құру үшін қолданылады: стандартты объективтіліктің орнына «айырмашылықтардың реляциялық позитивтілігі» принципі енгізіледі. Антропологияның мақсаты – басқа әлемді түсіндіру емес, олардың аспектілерін қосу арқылы біздің әлемді кеңейту. Басқаша айтқанда, үндістер сияқты ойлау емес, олармен бірге ойлау. Бұл антропологтардан жаңа таным құралдарын талап етеді. Дәстүрлі репрезентацияның орнына де Кастро эквивокацияны ұсынады, ол салыстырушы субъект салыстыру объектісімен өзара әрекеттесу және осы процестің нәтижесінде өзгеру арқылы салыстырудың белсенді қатысушысы болатын процессті білдіреді [4]. Эквивокация екі жақты салыстыру, бағалау және өзгерту процесін қамтиды. Ол туралы ғалым «зерттелетін халықтардың деэкзотизациясының жанама әсері ретінде антропологтың айтарлықтай және салыстырмалы түрде экзотизацияға ұшырауы мүмкін» деп жазады [5]. Де Кастро эквивокацияны аударманың бір түрі екеніне ерекше назар аударады: «Жақсы аударма басқа біреудің тұжырымдамаларын аудармашының тұжырымдамалық аппаратын деформациялауға және бұзуға мәжбүр етеді» [5]. Оңтүстік Американың тумалары үшін көптіктің қалыптасу процесі миф пен каннибализм актілеріндегі метаморфоздар арқылы жүретін басқа көзқарасқа көшуді білдіреді. Де Кастроның айтуынша, одан құтылу үшін жауды жеу ғана емес, оның көзқарасын қабылдау маңызды, бұл дауыстардың әртүрлілігіне және жеке ұжымдар мен олар жеген жаулардың күрделі құрылымына әкеледі. Бұл жаулар, өз кезегінде, бір кездері оларды жегендердің ата-бабаларын өздері жеген. Де Кастро қарабайыр қоғам – бұл өзінен тыс өмір сүре алатын ядросыз қоғам екенін атап өтеді. Бұл тұрғыда каннибализм батыс мәдениетін бейнелеудегідей қорқынышты емес. Олар үшін каннибализм – бұл өзінің денесіне басқаны қосу арқылы онымен бірігудің белгілі іс-әрекеті арқасында өзін тану тәсілі [1].

Сонымен қатар, де Кастро «адамдық» (человечность) терминін қолдануды жөн көріп, «адам» ұғымын қайта қарастыруды ұсынады. Оның пікірінше, «адам» объект ретінде анықталады, ал «адамдық» – бұл қарым-қатынас, ұжымның рефлексивті режимі. Ол «адамды» негізгі категориялық термин ретінде қарастырудан бас тартады, қоғам мен тұлғаға екінші дәрежелі «адамзаттың» ситуативтілігін атап өтуді жөн көреді [5]. Де Кастро сонымен қатар «жеке тұлға» және «перспектива» қабілеті тек адамның айрықша қасиеті емес екенін көрсетеді. Ол кейбір «адам еместер» бұл потенциалды адамдарға қарағанда анағұрлым толық және қарқынды түрде көрсете алады деп болжайды. Бұл тұрғыда ол адамдарға қарағанда «адамдық» қасиеті жоғары бола алады. Осылайша, де Кастро «адамдық» ұғымының салыстырмалығына баса назар аударады және адамды «адам» ететін нәрсе туралы ойларымызды қайта қарауды ұсынады.

Эдуардо Вивейрос де Кастроның «Каннибал метафизикасы» еңбегінде «каннибалдың» бейнесі мәдени алмасудың, ассимиляцияның және трансформацияның әртүрлі аспектілерін бейнелейтін символдық метафора ретінде қолданылады. Де Кастро әртүрлі мәдениеттердің басқа адамдардың мәдени элементтерін, соның ішінде идеяларды, әдет-ғұрыптарды және нанымдарды қалай «сіңіретінін» және қалай өңдейтінін көрсетеді. «Каннибализм» трансформация және қайта туылу процесімен де байланысты. Де Кастро мәдени тәжірибелер мен түсініктерді басқа мәдениеттермен өзара әрекеттесу арқылы қалай өзгертуге болатынын, сондай-ақ бұл жаңа дүниетанымдардың пайда болуына қалай әкелу мүмкін екенін зерттейді. «Каннибал» бейнесі сонымен қатар мәдени байланыс пен адамдардың әртүрлі топтары

арасындағы өзара әрекеттесу үшін метафора ретінде қызмет етеді. Сондай-ақ, «каннибал» бейнесін еуроцентризмге және батыс мәдениеті туралы барлық басқа мәдени формалардың өлшемі ретінде сын ретінде анықтайды. Де Кастро мәдени өрнектер мен көзқарастардың алуан түрлілігін білуге және құрметтеуге, мәдени құндылықтардың иерархиялық көзқарасынан бас тартуға шақырады.

Қорытындылай келсек, перспективизм тұжырымдамасы әртүрлі мәдениеттердің әлемге әртүрлі «түрлері» немесе «перспективалары» бар деген идеяға негізделген. Вивейрос де Кастро әлемді объективті шындық ретінде көрудің орнына, әлемді әртүрлі мәдени құрылымдар мен қабылдаулардың объективі арқылы қарастыруды ұсынады. Оның пікірінше, бірде-бір шындық жоқ, бірақ мәдени контекстке байланысты шындықты түсіндірудің әртүрлі тәсілдері бар.

«Каннибалдың» бейнесі Вивейрос де Кастроның жұмысында шешуші рөл атқарады. Ол каннибализмді мәдениеттер арасындағы қатынастарды түсіну үшін метафора ретінде пайдалануды ұсынады. Оның жұмысының контекстінде каннибализм сөзбе-сөз емес, басқа біреудің мәдени ақпараты мен тәжірибесін сіңіру және өңдеу процесі ретінде қарастырылады. Каннибализм идеясы біреудің перспективасын түсіну және оны өз көзқарасы ретінде қабылдау үшін «сіңіру» идеясын көрсетеді. Осылайша, каннибал бейнесі мен перспективизм мәдени айырмашылықтар мен өзара әрекеттесулерді зерттеу үшін Вивейрос Де Кастро қолданатын негізгі ұғымдар болып табылады. Олар бізге әртүрлі мәдениеттердің әлемді қалай басқаша түсіндіретінін және бұл айырмашылықтардың бір-бірімен қалай қабылданатынын және өзара әрекеттесетінін түсінуге көмектеседі.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Руденко Н. Рец. на кн.: Эдуарду Вивейруш де Кастро. Каннибальские метафизики: рубежи постструктурной антропологии. М.: Ад Маргинем Пресс, - 2017. - 199 с. // Антропологический форум. - 2019. - № 41. - С. 172–180.
2. Руденко Н. Что читать: Эдуарду Вивейруш де Кастро. Каннибальские метафизики: рубежи постструктурной антропологии. Электронды ресурс // URL: <https://postnauka.org/books/82766>
3. Шеффер, Дж.-М. Конец человеческой исключительности. М.: Новое литературное оозрение, - 2010. - 392 с.
4. Ростова Н. Аджорнаменто антропологии: преодоление границы между природой и культурой // Вестник Санкт-Петербургского университета. Философия и конфликтология. - 2020. Т. 36. Вып. 4. - С. 731–750.
5. Вивейрос де Кастро Э. Каннибальские метафизики: рубежи постструктурной антропологии. М.: Ад.Маргинем Пресс, - 2017. - 199 с.

УДК 1(091)

«ЛЕВИАФАН» В КОНТЕКСТЕ СОВРЕМЕННОСТИ

Байгулина Амина Акановна

baigulinaamina@gmail.com

Студентка ОП «Философия и этика» ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Научный руководитель – Д. Кусбеков

Левиафан самый известный трактат Т.Гоббса, который не потерял свою актуальность. По Т.Гоббсу государство своего рода две стороны одной монеты: с одной стороны-чудовище, которое подавляет волю и свободу человека, с другой стороны это результат договора человека и государства, гарант защиты человека от других людей. Когда мы говорим о трактовке государство мы отталкиваемся от официальных трактовок ООН и конвенции Монтевидео, которые указывают на признаки и права государства в международном